

«Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы МКҚК

Тақырыбы:
«Тіл мәртебесі ел мәртебесі»
(іс-әрекет)

Тәрбиеші: Стаева Г

Тақырыбы: «Тіл мәртебесі ел мәртебесі»

Мақсаты: Балалардың өз балабақшасы туралы, түсініктерін қалыптастыра отырып, тілін дамыту, әңгімелесу, тақпақтар айту арқылы ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру.

Балалар бүгін бізге көптеген қонақтар келіп отыр, олармен сәлемдесіп алайық.

Арайлап таң атты
Алтын сәуле таратты.
Жарқырайды күніміз
Жарқырайды бақшамыз
Қайырлы таң қонақтар
Қайырлы таң достарым

Балалар біз бәріміз бір үйдің балаларындай тату тәттә доспыз, Қане бір-бірімізге деген, достығымызды нығайту үшін жақсы тілектер айтайықшы.

-Күніміз жарық болсын. Асранымыз ашық болсын. Деніміз сау болсын. Еліміз тыныш болсын. Досымыз көп болсын.

-Ия, балалар, осындай жақсы көңіл-күйімізбен орындарымызға жайғасайық.

Ғажайып сәт: (Есік қағылып, ішке шет мемлекеттен қонақтар келеді.)

-Сәлеметсіңдер ме балалар.

-Балалар қарандаршы, бізге шет елдерден қонақтар келіпті. Олар біздің елімізге ұшақпен келген екен.

-Біздің еліміз туралы толығырақ білгілері келеді екен. Сендер көмектесесіңдер ме?

-Ия көмектесеміз.

Олай болса, келген қонақтарды ортамызға отырғызайық.
Сұрақ-жауап:

-Балалар сендер білесіңдер ме, Біз қандай мемлекетте тұрамыз?

-Біздің елбасымыз кім екен? Кім айтады?

-Біз қай тілде сөйлейміз?

-Біздің Қазақстанда тұратын қандай ұлттарды білесіңдер?

-Балалар, бүгін біз тіл мерекесін тойлағалы жатырмыз, солай ма, ендеше тіл бізге не үшін керек?

Сөйлеу үшін, қарым-қатынас жасау үшін, Бір-бірімізбен сөйлесу үшін керек екен.

Тақырыбы: «Тіл мәртебесі ел мәртебесі»

Мақсаты: Балалардың өз балабақшасы туралы, түсініктерін қалыптастыра отырып, тілін дамыту, әңгімелесу, тақпақтар айту арқылы ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру.

Балалар бүгін бізге көптеген қонақтар келіп отыр, олармен сәлемдесіп алайық.

Арайлап таң атты
Алтын сәуле таратты.
Жарқырайды күніміз
Жарқырайды бақшамыз
Қайырлы таң қонақтар
Қайырлы таң достарым

Балалар біз бәріміз бір үйдің балаларындай тату тәттә доспыз, Қане бір-бірімізге деген, достығымызды нығайту үшін жақсы тілектер айтайықшы.

-Күніміз жарық болсын. Асранымыз ашық болсын. Деніміз сау болсын. Еліміз тыныш болсын. Досымыз көп болсын.

-Ия, балалар, осындай жақсы көңіл-күйімізбен орындарымызға жайғасайық.

Ғажайып сәт: (Есік қағылып, ішке шет мемлекеттен қонақтар келеді.)

-Сәлеметсіңдер ме балалар.

-Балалар қарандаршы, бізге шет елдерден қонақтар келіпті. Олар біздің елімізге ұшақпен келген екен.

-Біздің еліміз туралы толығырақ білгілері келеді екен. Сендер көмектесесіңдер ме?

-Ия көмектесеміз.

Олай болса, келген қонақтарды ортамызға отырғызайық.
Сұрақ-жауап:

-Балалар сендер білесіңдер ме, Біз қандай мемлекетте тұрамыз?

-Біздің елбасымыз кім екен? Кім айтады?

-Біз қай тілде сөйлейміз?

-Біздің Қазақстанда тұратын қандай ұлттарды білесіңдер?

-Балалар, бүгін біз тіл мерекесін тойлағалы жатырмыз, солай ма, ендеше тіл бізге не үшін керек?

Сөйлеу үшін, қарым-қатынас жасау үшін, Бір-бірімізбен сөйлесу үшін керек екен.

Балалар енді мына суретке назар аударайықшы. (суретпен жұмыс,елтаңба,ту,ән ұран)

-Қане бәріміз бірге Әнұранымызды орындайық.

«Әнұран» орындалады.

Жүргізуші: Балалар,бізге келген қонақтар біздің тіл мерекемізді тойлап жатқанымызды білу үшін оларға әдемі жыр шумақтарымызды айтып береміз бе?

Арнат:Ана тілім бал тілім
Өзің барда шалқыдым
Өз тілімде ән шырқап
Термелетіп балқыдым

М. Алихан :Ана тілің біліп қой
Еркіндігің теңдігің
Ана тілің біліп қой
Мақтанышың елдігің

Арайлым :Тілім бара мақтанам
Тілім менің аппақ ән
Бірлігімді бүгінгі
Ана тілім сақтаған

Медина: Ана тілің арың бұл
Ұятың боп тұр бетте
Өзге тілдің бәрін біл
Өз тілінді құрметте

Алтаир:Ақыл ойын дананың
Ана тілден аламын
Ана тілім ардақты
Ақ сүтіндей анамның

Омар: Ана тілім -ұраным
Ана тілім-құралым
Ана тілім болмаса
Мықты болмас құралым

Міне керемет.Ендеше,бізде қалыспай өзіміздің ұлттық ойынымыз «Қыз куу»ойынын ойнайық.

-Жарайсыңдар балалар,сендерге ойын ұнады ма?

Қорытынды: Балалар бүгін бәрің жақсы қатыстыңдар.Рахмет сендерге.

Елбасымыз «Қазақстанның болашағы- қазақ тілінде» деп айтқандай сендер осы ана тіліміздің мәртебесін биікке ұшырататын сұңқары,бәйгенің алдын бермес тұлпары болуларыңа тілектеспін

Қол ұстасып тұрайық
Шеңберді біз құрайық.
Көріскенше күн жақсы
Сау саламат болайық.

Балалар енді мына суретке назар аударайықшы. (суретпен жұмыс,елтаңба,ту,ән ұран)

-Қане бәріміз бірге Әнұранымызды орындайық.

«Әнұран» орындалады.

Жүргізуші: Балалар,бізге келген қонақтар біздің тіл мерекемізді тойлап жатқанымызды білу үшін оларға әдемі жыр шумақтарымызды айтып береміз бе?

Арнат:Ана тілім бал тілім
Өзің барда шалқыдым
Өз тілімде ән шырқап
Термелетіп балқыдым

М. Алихан :Ана тілің біліп қой
Еркіндігің теңдігің
Ана тілің біліп қой
Мақтанышың елдігің

Арайлым :Тілім бара мақтанам
Тілім менің аппақ ән
Бірлігімді бүгінгі
Ана тілім сақтаған

Медина: Ана тілің арың бұл
Ұятың боп тұр бетте
Өзге тілдің бәрін біл
Өз тілінді құрметте

Алтаир:Ақыл ойын дананың
Ана тілден аламын
Ана тілім ардақты
Ақ сүтіндей анамның

Омар: Ана тілім -ұраным
Ана тілім-құралым
Ана тілім болмаса
Мықты болмас құралым

Міне керемет.Ендеше,бізде қалыспай өзіміздің ұлттық ойынымыз «Қыз куу»ойынын ойнайық.

-Жарайсындар балалар,сендерге ойын ұнады ма?

Қорытынды: Балалар бүгін бәрің жақсы қатыстындар.Рахмет сендерге.

Елбасымыз «Қазақстанның болашағы- қазақ тілінде» деп айтқандай сендер осы ана тіліміздің мәртебесін биікке ұшырататын сұңқары,бәйгенің алдын бермес тұлпары болуларыңа тілектеспін

Қол ұстасып тұрайық
Шеңберді біз құрайық.
Көріскенше күн жақсы
Сау саламат болайық.